

Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығын талдау

Қаңтар 2023

KASE

Қазақстан қор биржасы
Казахстанская фондовая биржа
Kazakhstan Stock Exchange

KASE-де САТЫЛАТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЫЗ

KASE-де сатылатын мемлекеттік қарыз

2023 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша KASE-де саудаланатын мемлекеттік борыш сомасы 21,5 трлн теңгені құрап, жыл басынан бері 3 720 млрд теңгеге немесе 21 %-ға ұлғайды. Бұл өсім Қаржы министрлігінің (бұдан әрі – Қаржы министрлігі, ҚРҚМ) қолданыстағы және жаңа шығарылымдары бойынша 2 834 млрд теңгеге және еурооблигациялардың 894 млрд теңгеге ұлғаюына байланысты. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚРҰБ) ноталарының жаңа шығарылымдарының көлемі 2022 жылдың төртінші тоқсанының қорытындысы бойынша өсімді тіркеді (115,2 млрд теңге). Әкімдіктердің (бұдан әрі – ЖАО) облигациялар шығарылымдары көлемінің 123,5 млрд теңгеге төмендеуі мемлекеттік борыштың өсуін аздап шектеді.

2023 жылдың 01 қаңтардағы жағдай бойынша KASE-де саудаланатын мемлекеттік борыш құрылымында елеулі өзгерістер өтелгенге дейінгі мерзімдер бойынша байқалған жоқ: бір жылдан үш жылға дейінгі (20 %) және үш жылдан бес жылға дейінгі (18 %) мерзіммен орта мерзімді МБҚ үлесі, ал он жылдан астам ұзақ мерзімді (21 %) үлесі біртіндеп ұлғайып және бес жылдан он жылға дейінгі мерзіммен (20 %) төмендеп келеді:

KASE-де сатылатын мемлекеттік борыштың құрылымы (номинал бойынша), трлн теңге

Құрылымы	Мем. борыш сомасы			KASE-де саудаланатын мем. Борыш сомасынан үлесі			Мем. борыш сомасының өзгеруі			
	01.01.2021	01.01.2022	01.01.2023	01.01.2021	01.01.2022	01.01.2023	абс 01.01.22/ 01.01.21	абс 01.01.23/ 01.01.22	01.01.22/ 01.01.21	01.01.23/ 01.01.22
KASE-де саудаланатын мем. борыш сомасы	16,7	17,8	21,5				1,1	3,7	7%	21%
Өтеуге дейінгі мерзімі бойынша										
< 1 жыл	4,1	3,8	4,3	24%	21%	20%	-0,3	0,5	-7%	14%
1-3 жыл	2,6	3,0	4,4	15%	17%	20%	1,8	1,4	17%	45%
3-5 жыл	2,3	2,6	3,9	14%	15%	18%	1,7	1,3	16%	50%
5-10 жыл	3,4	3,9	4,4	20%	22%	20%	1,0	0,5	14%	13%
> 10 жыл	4,4	4,5	4,5	27%	25%	21%	0,1	0,0	2%	0%
Бағалы қағаздар түрлері бойынша										
ҚРҰБ оталары	3,1	2,1	2,3	18%	12%	11%	-0,9	0,1	-30%	5%
ҚРҚМ облигациялары	9,8	11,3	14,2	58%	64%	66%	1,6	2,8	16%	25%
ҚРҚМ еурооблигациялары	2,9	3,1	4,0	17%	18%	19%	0,3	0,9	9%	29%
ЖАО облигациялары	1,1	1,2	1,1	6%	7%	5%	0,2	-0,1	16%	-10%


26 қазанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-несие саясаты жөніндегі комитеті базалық мөлшерлемені жылдық 16 % деңгейінде белгілеу туралы шешім қабылдады, оны +/- 1,00 п.т. пайыздық дәлізімен 150 п.т.-қа көтерді.

05 желтоқсанда Ұлттық банк базалық мөлшерлемені жылдық 16,75 %-ға дейін көтеру туралы шешім қабылдады, бұл ретте қараша айында инфляция деңгейі 19,6 % құрады.


Төртінші тоқсанда Қаржы министрлігінің орналастырылатын МБҚ кірістілігі жылдық 13,9-16,581 %-ға дейін өсті, кірістілік 14 %-дан 15,6 %-ға дейін ауытқыған үшінші тоқсанмен салыстырғанда өсті. Қарыз алу құнының өсуіне байланысты Қаржы министрлігі 2022 жылдың төртінші тоқсанында қолданыстағы және жаңа орналастыру бойынша екі жылдан бес жылға дейінгі қысқа мерзімді және орта мерзімді кезеңге ғана қарыз тартты: екі жылдық 2 шығарылым, үш жылдық 3 шығарылым, төрт жылдық 4 бағалы қағаз және бес жылдық МБҚ 5 орналастыру. Төртінші тоқсанда 14 шығарылым бойынша орналастыру көлемі 1 399 млрд теңгені құрады. Ең жоғары сұранысқа бес жылдық ҚРҚМ облигациялары ие болды, олар бойынша ұсынысқа сұраныс 438 % құрады, ал кірістілік 16 % деңгейінде қалыптасты.

МӘМІЛЕ КӨЛЕМІ

Қаржы Мині МБҚ кірістілігі көрсеткіштерінің индикаторлары




Тәуекелсіз қысққ кірістілігі (индекстелмеген МБҚ)



Мәміле көлемі

МБҚ нарығындағы мәміле көлемі, млрд теңге




2022 жылға республикалық бюджет тапшылығы 2 978 млрд теңге немесе ЖІӨ-нің 3,3 % деңгейінде болжанды, оны қаржыландыру мақсатында Қаржы министрлігі 2022 жылы бастапқы нарықта 4 201 млрд теңге тартты.

2022 жылдың 1 желтоқсанына республикалық бюджеттің тапшылығы 1 666 млрд. теңге мөлшерінде тіркелді, бұл, 2 303 млрд. теңгені құраған, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда кезден аз.

2022 жылы МБҚ бастапқы және қайталама нарықтарындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 5 970* млрд теңгені құрады, өткен жылмен салыстырғанда, бастапқы нарықта 1 555 млрд теңгеге, сондай-ақ қайталама нарықта 953 млрд теңгеге сауда-саттық көлемінің 2 еседен астам өсуі есебінен, 2 398 млрд теңгеге ұлғайды. Жергілікті атқарушы органдарды қоспағанда, барлық эмитенттердің қарыздары өсті.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық құрылымы, млрд теңге




* Мұнда және әрі қарай деректер шетелдік мемлекеттік бағалы қағаздарын есепке алмай берілген

ИНВЕТОРЛАР ҚҰРЫЛЫМЫ

Қайталама нарықта сауда-саттық көлемі бір жыл ішінде МБҚ-ның барлық санаттары бойынша ұлғайды. Жалпы, 2022 жылы қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 2021 жылмен салыстырғанда 2 еседен астам ұлғайып, 1 824 млрд теңгені құрады. Қаржы министрлігінің облигациялармен сауда-саттық көлемі 471 млрд теңгеге немесе 88 %-ға ұлғайды. Қаржы министрлігінің еурооблигацияларымен сауда-саттық көлемі 3 есе өсті, бірақ сауда-саттық көлемінің құрылымында елеусіз үлесті алады.

Құрылымы	Сауда-саттық көлемі			Сауда-саттық көлеміндегі үлесі			Сауда-саттық көлемін өзгерту			
	2020	2021	2022	2020	2021	2022	абс 2021/2020	абс 2022/2021	% 2021/2020	% 2022/2021
МБҚ сауда-саттық көлемі	4 649	3 572	5 970				-1 077	2 398	-23%	67%
Алғашқы нарық										
ЖАО облигациялары	963	287	176	26%	11%	4%	-676	-111	-70%	-39%
ҚРҚМ облигациялары	2 771	2 414	3 969	74%	89%	96%	-357	1 555	-13%	64%
Барлығы	3 734	2 702	4 146	100%	100%	100%	-1 032	1 444	-28%	53%
Қайталама нарық										
ҚРҚМ облигациялары	446	538	1 009	49%	62%	55%	92	471	21%	88%
ҚРҚМ еурообл.	7	30	87	1%	3%	5%	23	58	342%	193%
ҚРҚБ ноталары	462	303	728	51%	35%	40%	-159	425	-34%	140%
Барлығы	915	871	1 824	100%	100%	100%	-45	953	-5%	109%

Инвесторлар құрылымы



2022 жылы бастапқы нарықта МБҚ сатып алушылар тарапынан инвесторлар құрылымы өзгеріске ұшырады. Институционалдық инвесторлардың үлесі 35 %-дан 74 %-ға дейін өсті, ал екінші деңгейдегі банктердің (ЕДБ) үлесі 47 %-дан 14 %-ға дейін төмендеді.

2022 жылдың басынан бастап зейнетақы активтерін инвестициялық басқарушылардың үлесі біртіндеп артып келеді, бірақ жалпы құрылымда әлі де шамалы, шамамен 1 %.

Қайталама нарықта жеке тұлғалардың сауда-саттық көлемі 2022 жылы өткен жылмен салыстырғанда 6 есе өсті, бірақ олардың сауда-саттық көлемінің құрылымындағы үлесі 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша шамамен 1 % құрады.

Қайталама нарықта сатып алу жағында басқа заңды тұлғалардың үлесі өсті (48 %-дан 54 %-ға дейін) және 2022 жылдың басынан бастап брокер-дилерлердің үлесі (9 %-дан 3 %-ға дейін) төмендеді. Қайталама нарықтағы сату жағында ұқсас тенденция байқалады: заңды тұлғалардың үлесі 26 %-дан 35 %-ға дейін өсті, ал инвесторлардың басқа санаттарының үлесі төмендеді.

ӨТЕУГЕ ДЕЙІНГІ МЕРЗІМІ

Қайталама нарықтағы бейрезиденттердің сатып алушылар тарапындағы сауда-саттық көлемі 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда 2,3 есеге өсті, бұл ретте олардың үлесі сатып алу және сату жағында айтарлықтай өзгерген жоқ, тиісінше 8 % және 6 % құрады.

Қатысушылардың түрлері бойынша МБҚ сатып алу нарығындағы сауда көлемі, млрд теңге

	Сатып алу көлемі			Сатып алу көлеміндегі үлесі		
	2020	2021	2022	2020	2021	2022
Алғашқы нарық						
Екінші деңгейдегі банк	786,6	1 279,8	600,4	21%	47%	14%
Брокер-диллер	19,9	19,8	31,0	1%	1%	1%
Өзге институционалдық инвесторлар	1 942,1	943,7	3 084,0	52%	35%	74%
Өзге заңды тұлғалар	985,3	455,5	429,2	26%	17%	10%
ПА есебінен ИУПА	0,0	0,8	1,0	0%	0%	0%
Жеке тұлға	0,0	2,0	0,0	0%	0%	0%
Жалпы қорытынды	3 734,0	2 701,5	4 145,7	100%	100%	100%
Бейрезидент	37,9	54,3	0,0	1%	2%	0%
Резидент	3 696,1	2 647,3	4 145,7	99%	98%	100%
Қайталама нарық						
Екінші деңгейдегі банк	264,0	275,7	545,8	29%	32%	30%
Брокер-диллер	24,0	78,3	52,7	3%	9%	3%
Өзге институционалдық инвесторлар	391,6	91,9	213,9	43%	11%	12%
Заңды тұлғалар	235,7	419,9	988,0	26%	48%	54%
ПА есебінен ИУПА	0,0	2,9	10,5	0%	0%	1%
Жеке тұлға	0,1	2,2	13,2	0%	0%	1%
Жалпы қорытынды	915,4	870,8	1 824,2	100%	100%	100%
Бейрезидент	91,7	60,2	138,4	10%	7%	8%
Резидент	823,7	810,6	1685,8	90%	93%	92%

Қатысушылардың түрлері бойынша МБҚ сату нарығындағы сауда көлемі, млрд тг.

	Сату көлемі			Сату көлеміндегі үлесі		
	2 020	2 021	2022	2 020	2 021	2022
Қайталама нарық						
Екінші деңгейдегі банк	373,1	452,0	938,5	41%	52%	51%
Брокер-дилер	21,9	77,7	44,3	2%	9%	2%
Өзге институционалдық инвесторлар	452,4	112,3	192,8	49%	13%	11%
Заңды тұлғалар	67,6	224,2	642,7	7%	26%	35%
Жеке тұлғалар	0,5	4,5	5,8	0%	1%	0%
Барлығы	915,4	870,8	1 824,2	100%	100%	100%
Бейрезидент	85,1	71,2	113,7	9%	8%	6%
Резидент	830,3	799,5	1 710,4	91%	92%	94%


Өтеуге дейінгі мерзімі

Бастапқы нарықта өтеуге дейінгі мерзімдер бөлінісінде өтеу мерзімі 3 жылдан 5 жылға дейінгі міндеттемелердің үлесі 2022 жылдың басынан бастап 18 %-дан 43 %-ға дейін өсті. Өтеу мерзімі 5 жылдан 10 жылға дейін және 10 жылдан астам ұзақ мерзімді бағалы қағаздардың үлесі өткен жылмен салыстырғанда тиісінше 20 %-дан 12 %-ға дейін және 25 %-дан 5 %-ға дейін төмендеді.


Қайталама нарықта бағалы қағаздармен сауда-саттық үлесінің өтеуге дейінгі мерзімдер бөлінісінде өтеуге дейін мерзімі 3 жылдан 5 жылға дейін 5 %-дан 20 %-ға дейін және 10 жылдан астам мерзімге 11 %-дан 16 %-ға дейін ұлғаюы байқалады. Өтеу мерзімі 1 жылдан 3 жылға дейінгі қысқа мерзімді бағалы қағаздардың үлесі 22 %-дан 9 %-ға дейін, ал 5 жылдан 10 жылға дейінгі орташа мерзімді бағалы қағаздардың үлесі 22 %-дан 12 %-ға дейін қысқарды.

ҚАРЖЫМИННІҢ МЕКАМ ОРНАЛАСТЫРУ

Алғашқы нарықта мерзімі бойынша МБҚ бөлу, %



Қайталама нарықта мерзімі бойынша МБҚ бөлу, %



■ < 1 жыл ▨ 1-3 жыл ■ 3-5 жыл ■ 5-10 жыл ■ > 10 жыл

■ < 1 жыл ▨ 1-3 жыл ■ 3-5 жыл ■ 5-10 жыл ■ > 10 жыл

Өтеуге дейінгі мерзімдер бойынша МБҚ нарығында сауда-саттықты бөлу, млрд теңге

Құрылымы	Сауда-саттық көлемі			Сауда-саттық көлеміндегі үлесі			Сауда-саттық көлемінің өзгеруі			
	2020	2021	2022	2020	2021	2022	абс 2021/2020	абс 2022/2021	% 2020/2021	% 2021/2022
Алғашқы нарық										
< 1 жыл	319	212	313	9%	8%	8%	-107	101	-34%	47%
1-3 жыл	925	789	1 347	25%	29%	32%	-137	558	-15%	71%
3-5 жыл	101	482	1 771	3%	18%	43%	381	1 289	377%	267%
5-10 жыл	807	551	507	22%	20%	12%	-256	-44	-32%	-8%
> 10 жыл	1 581	667	207	42%	25%	5%	-914	-459	-58%	-69%
Барлығы	3 734	2 702	4 146	100%	100%	100%	-1 032	1 444	-28%	53%
Қайталама нарық										
< 1 жыл	485	353	593	53%	41%	38%	-132	310	-27%	109%
1-3 жыл	175	188	161	19%	22%	10%	13	5	8%	3%
3-5 жыл	42	42	328	5%	5%	21%	0	305	0%	1385%
5-10 жыл	125	189	197	14%	22%	13%	64	98	51%	100%
> 10 жыл	89	98	275	10%	11%	18%	10	215	11%	361%
Барлығы	915	871	1 553	100%	100%	100%	-45	933	-5%	151%

Қаржыминнің МЕКАМ орналастыру

2022 жылдың 28 қарашасындағы 2022 жылға арналған МБҚ шығарылымдарының нақтыланған жоспарына сәйкес, ҚР Қаржы министрлігі 2022 жылы 4 101 млрд теңгеге орналастыруды жоспарлады, бұл 2021 жылы орналастыру көлемінен екі еседей көп. Мәселен, 2022 жылы номиналы бойынша нақты орналастыру 4 201 млрд теңгеге болса, ал бастапқыда жоспарланған орналастыру көлемі тек 2 818 млрд теңгені құраған. 2023 жылға МБҚ орналастыру көлемі 4 899 млрд теңге мөлшерінде жоспарланды.

ҚР Қаржы министрлігінің қаражат тарту жоспар-фактісі (номиналы бойынша), млрд теңге

	қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқ	БАРЛЫҒЫ
2021 Жоспар	287	254	200	100	213	147	324	89	165	235	196	18	2227
2021 Факт	287	254	223	108	221	185	328	106	172	242	532	109	2768
Ауытқу	0	0	-23	-8	-8	-38	-4	-17	-7	-7	-337	-91	-540
2022 План	168	212	205	257	199	511	548	470	220	322	382	607	4 101
2022 Факт	170	206	214	269	218	557	624	526	219	322	284	591	4 201
Ауытқу	1	-6	9	13	19	46	76	56	-1	0	-98	-16	-99

ҚАРЖЫМИННІҢ МЕКАМ ОРНАЛАСТЫРУ

Қаржы министрлігінің МБҚ және ҚРҰБ ноталары шығарылымдарының құрылымында ірілендіру үрдісі жалғасты: 2022 жылға. Қаржы министрлігі 27 шығарылымды ұлғайтты және жалпы сомасы 5 095 млрд теңгеге 15 жаңа орналастыруды жүзеге асырды. Бұл ретте жекелеген шығарылымдардың сомасы 600 млрд теңгеден асты.

2022 жылы ҚР Қаржы министрлігінің номиналы бойынша ірілендірілген шығарылымдары, млрд теңге

Шығарылым	Номинал бойынша шығарылым сомасы, млрд теңге		01.01.23 млн USD балама	Кезеңге өзгерістер	Өтеу мерзімі
	01.01.22	01.01.23			
KZ_22_4507	-	691	1500,0	691	21.07.2045
MUM072_0013	90	440	954,3	350	19.05.2027
MUM156_0005	44	373	809,8	329	20.06.2027
MUM180_0002	10	302	655,3	292	24.06.2024
MOM036_0091	-	289	627,1	289	11.02.2025
MTM048_0001	-	258	558,8	258	09.09.2026
MOM048_0054	-	256	555,4	256	16.09.2026
MTM060_0001	-	240	520,6	240	14.10.2027
MUM144_0003	194	422	916,2	228	26.04.2023
MTM036_0001	-	217	470,5	217	05.08.2025
MUM120_0017	181	392	850,3	211	06.03.2027
MOM048_0052	-	182	394,1	182	21.01.2026
MUM084_0018	63	230	499,1	167	12.04.2028
MUM180_0001	160	313	679,8	153	20.05.2024
MOM060_0054	-	120	260,2	120	18.11.2027
MKM012_0151	-	120	260,0	120	12.08.2023
MUM120_0014	20	139	302,1	120	06.08.2024
MOM036_0092	-	103	224,5	103	24.06.2025
MTM072_0001	-	100	216,9	100	18.11.2028
MKM012_0150	-	79	170,4	79	24.01.2023
MOM048_0053	-	77	167,5	77	24.06.2026
KZ_07_2507	1 079	1 152	2500,0	73	21.07.2025
MUM180_0016	-	68	148,3	68	28.01.2037
KZ_05_2410	648	691	1500,0	44	14.10.2024
MUM144_0009	47	84	181,9	37	23.08.2033
MUM156_0007	101	137	297,6	36	17.02.2034
MUM132_0007	135	170	369,0	35	26.07.2032
MUM120_0019	45	79	170,8	34	17.03.2031
MUM180_0015	93	123	266,7	30	25.08.2036
KZ_06_4410	432	461	1000,0	29	14.10.2044
MUM096_0011	45	73	158,1	28	27.10.2028
MUM096_0012	58	86	185,6	28	28.07.2029
MUM096_0013	-	16	34,7	16	04.02.2030
KZ_15_2309	115	129	279,0	13	20.09.2023
KZ_16_2709	58	64	139,5	7	15.09.2027
KZ_17_3009	58	64	139,5	7	11.09.2030
KZ_18_2606	58	64	139,5	7	22.06.2026
KZ_19_2806	58	64	139,5	7	19.06.2028
KZ_20_3106	58	64	139,5	7	16.06.2031
KZ_21_3106	58	64	139,5	7	16.06.2031
KZ_10_2811	256	258	559,4	2	09.11.2028
KZ_14_2609	244	246	532,8	2	30.09.2026

ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ

Осы есепте қамтылған ақпаратты "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі - KASE) мамандары дайындады. KASE осы есепте келтірілген ақпараттың толықтығы мен дәлдігіне, сондай-ақ оның дереккөзі KASE болып табылатын ақпаратқа қатысты дұрыстығына кепілдік береді.

KASE - де, қызметкерлердің ешқайсысы осы есепті немесе онда ұсынылған мәліметтерді пайдалану нәтижесінде туындаған кез келген тікелей немесе жанама залалдар (залалдар) үшін жауапты болмайды.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын өз бетінше бағалауға кеңес береді және инвесторларды қаржы кеңесшілерінің қызметтерін пайдалануға шақырады. Есепке Барлық құқықтар KASE-ге тиесілі. Осы Талдамалық материалды ішінара немесе толық жаңғырту және/немесе тарату жазбаша рұқсатсыз жүзеге асырыла алмайды

© «Қазақстан қор биржасы» АҚ

KASE байланыстары

Ақпарат және статистика Департаменті

+7 727 237 53 28

+7 727 237 53 23

+7 727 237 53 15

info@kase.kz